жәрдемдесетін тұлға туралы ақпарат – бұл:

А)қызметтік бабында пайдалануға
арналған ақпарат;

В) мемлекеттік құпия;

С)коммерциялық құпия;

Д)жеке құпия;

Е)жоғарыда аталған барлық жауап
нұсқалары.

15.Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның сыбайлас
жемқорлыққа қарсы Конвенциясын
ратификациялады (бекітті):

А)2008ж.;

В)2010 ж.;

В)2012 ж.;

Д)2014ж.;

Е)2016ж.

16.Еуропаның бірлесіп құрған сыбайлас
жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі
мемлекеттер тобы (ГРЕКО) құрылған жыл:

А)1997жыл;

В)1998 жыл;

В)1999 жыл;

Д)2003жыл;

В)2008 жыл.

№2 нұсқа

1. Мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар турғылықтың жері бойынша салық органына кірістері туралы декларацияны табыс етуге тиіс:

- А) тоқсанын бір рет;
- В) жарты жылда бір рет;
- С) екі жылда бір рет;
- Д) үш жылда бір рет;
- Е) жылына бір рет.

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» заңына сәйкес «әкімшілік-шаруашылық функциялар» деп түсініледі:

А) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

В) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

Д) ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

Е) тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің

функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

2. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясын бекіткен (ратификациялаған) жылын және күнің атаңыз?

- А) 2009 жыл 4 наурыз;
- В) 2010 жыл 4 қыркүйек;
- С) 2012 жыл 4 қараша;
- Д) 2014 жыл 4 желтоқсан;
- Е) 2008 жыл 4 мамыр.

3. Ағылшын мемлекет қайраткері және философы «Левиафан» еңбегінің авторы (1651 ж.):

- А) Никколо Макиавелли;
- В) Жан-Жак Руссо;
- С) Томас Гоббс;
- Д) Аристотель;
- Е) Платон.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары қандай нормативтік құқықтық актіде айқындалады?

- А) Қазақстан Республикасының

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» заңында және Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде;

В)Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңында және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде;

С)Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» заңында;

Д)Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде;

Е)Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» заңында, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде.

5.Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының ҚК-тің қай тарауында қарастырылған?

А)ҚРҚК 11 тарауында;

В)ҚРҚК 14тарауында;

С)ҚРҚК 15тарауында;

Д)ҚРҚК 14тарауында;

Е) ҚРҚК 10 тарауында.

6.Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» заңы қолданылады:

А)ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің аумағында лауазымды тұлғаларға мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беретін, барлық жеке және заңды тұлғаларға қатысты;

В) ҚР аумағында тек жеке тұлғаларға қатысты;

С) ҚР аумағында заңды тұлғаларға қатысты;

Д)ҚР аумағында жеке және заңды тұлғаларға қатысты;

Е)ҚР аумағында лауазымды тұлғаларға мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беретін тұлғаларға қатысты.

7.«Сыбайлас жемқорлық» термині жеке тұлғаның мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында өз жағдайын заңсыз пайдалануы деп түсініледі:

А)өзіне немесе үшінші тұлғалар үшін;

В) тек өзі үшін;

С)жұбайы үшін;

Д) Тек өзіне және туыстарына арналған;

Е) Байланыстырылған тараптар үшін.

8.Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

қимыл агенттігіне басшылықты жүзеге асырады:

А) басшы;

В) төраға;

С) директор;

Д) министр;

Е) жауапты хатшы.

9. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылдың негізгі қағидаттарына мыналар жатады:

А) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;

В) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;

С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;

Д) жоғарыда аталғандардың барлығы;

Е) аталған принциптердің еш қайсысы.

10. Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жиырма қағидаты» 24-ші қарарын (резолюциясын) қабылдаған жыл?

А) 1997ж.;

В) 1998 ж.;

С) 2001 ж.;

Д) 2003ж.;

Е) 2005ж.

11. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға міндетті:

А) тек құқық қорғау органдары;

В) тек мемлекеттік органдар;

С) тек мемлекеттік органдар мен өзге де мемлекеттік ұйымдар;

Д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілері;

Е) текарнайы органдар.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт орнықтырады:

А) сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының профилактикасы бөлігінде басқарушылық шешімдер кәсіпорынының реттілігі;

В) мемлекеттік қызметшінің өзінің қызметтік міндеті шеңберінде сыбайлас жемқорлық деп саналатын ықтимал іс-қимылдарының тізбесі;

С) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік мінез-құлқының адамгершілік негіздері;

Д) тиісті қызмет саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды қамтамасыз ететін тыйымдардың, шектеулер мен рұқсаттардың бірыңғай жүйесі;

Е) сыбайлас жемқорлық мінез құлқының профилактикасы бөлігінде басқарушылық шешімдер.

13.Мемлекеттік функцияларды Орындаумен байланысты шектеулерді өзіне қабылдамау келесіге әкеп соғады:

- А) лауазымынан босатуға (қызметтен босатуға);
- В) айыппұл салуға;
- С) ескерту жариялауға;
- Д) сөгіс жариялауға;
- Е) қатаң сөгіс жариялауға.

14. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзгеде көмек көрсеткен адам кімнің қорғауында болады:

- А) мемлекеттің;
- В) прокуратураның;
- С) тергеу органдарының;
- Д) ұлттық қауіпсіздік комитетінің;
- Е) дұрыс жауап жоқ.

Тақырып №2: Сыбайлас жемқорлықпен күрестің құқықтық негіздері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды талдаудың кешенді тәсілі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жүйесі. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық нормативтік құқықтық актілер. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі. Қазақстан Республикасының еңбек кодексі. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі.

Тапсырма №1 Практикалық жаттығу:

- Кейстерді топтасып талқылау;
- нақты практикалық жағдайларды талдау негізінде тәуекел факторларын анықтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу факторларын тұжырымдау;
- алынған нәтижелерді талқылау және сабақ бойынша жалпы қорытынды;
- оқу тобы кейстерді шешу үшін төрт командаға бөлінеді.

Тапсырманың шарты:

Ұйымдағы сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша социологиялық (әлеуметтанулық) сауалнама жүргізу қажет деп елестетіп көріңіз. Респонденттерге қоятын 10 сұрақ құрастырыңыз. Бұл ретте сіздің сұрақтарыңыз зерттеу жүргізетін саланың ерекшелігін көрсетуі тиіс. Сізге келесі бағыттарды таңдау ұсынылады:

- 1) жоғары оқу орны (ЖОО);
- 2) перзентхана;
- 3) орта мектеп;
- 4) аудандық ішкі істер бөлімі(полиция);
- 5) балалар ауруханасы;
- 6) «Темір жол» (жолаушыла ртемір жолтасымалы).

Бағалау критерийлері – кейстерді (ситуациялық, проблемалықесепті) шешуде пайдаланылған әдістер мен құралдарды ескеріпбағаланады.

- *«орындалды»* деген баға - егер білім алушылар мәселені шешу процесінде оң нәтиже көрсеткен жағдайда, атап айтқанда, білім алушылар оқу процесінде алған теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын толық көлемде пайдалана отырып, тапсырманы тұтастай орындаған (тапсырманы шешімін тапқан) жағдайда қойылады.

- *«орындалмады»* деген баға қойылады:

егер білім алушылар барлық талаптарды орындамаған жағдайда қойылады.

Тапсырма№2

«Сыбайлас жемқорлықтың себептері» және «сыбайлас жемқорлықтың шарттары» ұғымдарын ажыратыңыз. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың себептері мен шарттарына жатқызуға болатын 5 жағдай келтіріңіз.

Тапсырма№3 Тест шешіңіз.

№1 нұсқа

1. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес «лауазымды адам»:

А) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында заңсыз пайдалануы өзіне не үшінші тұлғаларға, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен

артықшылықтар беру арқылы пара беру;

В) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

Д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдыналу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

Е) тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық - өкімдік немесе әкімшілік- шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

2.Сыбайлас жемқорлыққа байланысты немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасаған құқық бұзушылық үшін қарастырылады:

А)тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылық;

В) қылмыстық жауаптылық;

С)әкімшілік жауаптылық;

Д)тәртіптік жауаптылық;

Е)әкімшілік және қылмыстық жауаптылық.

3.Мемлекеттік лауазымдарды атқаратын адамдар тұрғылықты жері бойынша салық органына кірістері туралы декларацияны тапсыруы тиіс:

А)тоқсанына1рет;

В)жартыжылда1рет;

- С) жылына 1 рет;
- Д) екі жылда 1 рет;
- Е) дұрыс жауап жоқ.

4. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылдың негізгі қағидаттарына мыналар жатқызылады:

- А) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- В) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;
- Д) жариялылық пен ашықтық;
- Е) жоғарыда аталған барлық жауап нұсқалары.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылдың мақсаты мен міндеттері:

- А) қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою;
- В) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру;
- С) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою;
- Д) сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

Е)жоғарыда аталған барлық жауап нұсқалары.

6.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік органды кім қалыптастырады және оның мәртебесі мен өкілеттігін белгілейді:

А)ҚР Президенті;

В)ҚР Парламенті;

С)ҚР Үкіметі ;

Д)ҚР Жоғарғы Соты;

Е)ҚР Бас прокуратурасы.

7.Аталған қағидаттардың қайсысы Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидат болып табылады:

А)демократия;

В) уақытылы;

С) заңдылық;

Д) кәсіпқойлық;

Е)адамгершілік(гуманизм).

8.Аталған қағидаттардың қайсысы Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидат болып табылады:

А)демократия;

В) уақытылы;

С)жариялылық және ашықтық;

Д) кәсіпқойлық;

Е)адамгершілік(гуманизм).

9.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі:

А) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;

В)сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;

С)сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

Д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау;

Е)жоғарыда аталған барлық жауап нұсқалары.

10.Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы–бұл?

А)мемлекеттік қызметшінің мемлекет мүддесі есебінен материалдық пайда алуға деген ұмтылысы;

В) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз

лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

С) мемлекеттік қызметшінің лауазымдық (қызметтік) міндеттерін атқаруына (өкілеттіктерін жүзеге асыруына) байланысты жеке және (немесе) заңды тұлғалардан сыйақы алуы;

Д) мемлекеттік қызметшінің жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшыларды тек қана өзі үшін ғана алуы;

Е) мемлекеттік қызметшінің жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды тек қана үшінші тұлғалар үшін алуы.

11.Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылдың құқықтық негізі:

А)Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы заңын ғана қамтиды;

В)Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы заңынан және Қазақстан

Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады;

С) қандай да бір мемлекеттік органның мәртебесі мен өкілеттігін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді қамтиды;

Д) заңғатәуелді нормативтік құқықтық актілерді қамтиды;

Е) қандай да бір қызмет түрін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді қамтиды.

12. Мемлекеттік қызметшінің мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін жеке мүддесі туындаған жағдайда, ол міндетті:

А) мүдделер қақтығысын өзбетінше шешуге тырысуға;

В) мүдделер қақтығысын реттеу мақсатында лауазымдық міндеттерді орындауды тоқтатуға;

С) тікелей басшыны ауызша хабардар етуге;

Д) ұйым басшысын хабардар етуге;

Е) жоғарыда аталған барлық жауап нұсқалары.

13. Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу мақсаты:

А) мемлекеттік қызметші жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды

анықтау;

В) мемлекеттік қызметшілердің мүдделеріне толық бақылауды белгілеу;

С) мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына жол бермеу;

Д) мемлекеттік қызметтегі жеке қызметтік дауларды алдын алу;

Е) мемлекеттік қызметшілер арасындағы жан-жалды жағдайларды ышешу.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тыйымдарға, талаптарға, мемлекеттік қызметтегі шектеулерге жатқызылады:

А) жақын туыстарының бір-біріне бағыныштылығы болған кезде олардың мемлекеттік қызметте болуына тыйым салу;

В) қосымша жұмыс істеу бойынша шектеулер;

С) мемлекеттік органдардың қызметіне қатысты жария сөздерге шектеу;

Д) мемлекеттік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатты рәсімдеу рәсімінен өту талабы;

Е) қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатты рәсімдеу рәсімінен өту талабы.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген шектеулерді, тыйымдар мен міндеттерді сақтамау жөніндегі

теріс қылық үшін өндіріп алуға жатпайды:

- А) ескерту;
- В) сөгіс;
- С) қатаң сөгіс;
- Д) атқаратын мемлекеттік лауазымынан босату;
- Е) аса маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін сыйлықақы (премия) мөлшерін қысқарту.

№2 нұсқа

1. Аталған қағидаттардың қайсысы Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидат болып табылады:

- А) демократия;
- В) уақытылы;
- С) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
- Д) кәсіп қойлық;
- Е) адамгершілік (гуманизм).

2. Аталған қағидаттардың қайсысы Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидат болып табылады?

- А) демократия;
- В) уақытылы;
- С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;

- D) кәсіп қойлық;
- E) адамгершілік (гуманизм).

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндаманы дайындау, енгізу және жариялау тәртібін кім бекітеді?

- A) Парламент;
- B) Үкімет;
- C) Президент;
- D) Прокуратура;
- E) Ішкі Істер Министрлігі.

4. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес «сыбайлас жемқорлық тәуекелі» деп түсініледі:

A) мемлекеттік қызметшінің мемлекет мүддесі есебінен материалдық пайда алуға ұмтылуы;

B) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

C) мемлекеттік қызметшінің жеке өзіне немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алуы;

D) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

E) ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген

тәртіппен берілген құқық;

5.ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес «ұйымдастырушылық-өкімдік функцияларға» жатқызылады:

А) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, қоғамның мемлекеттік органдардың қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық және өзге де шаралар;

В)сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

С)қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағынысты адамдарға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

Д)ұйымның балансындағы мүлікті басқару және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

Е)сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

6.ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

туралы» заңына сәйкес «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу (ескерту)» деп түсініледі:

А) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдыналу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

В) белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

С) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, қоғамның мемлекеттік органдардың қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және сәйкес өзге де шаралар;

Д) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

Е) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамдасыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі.

7.ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» деп түсініледі:

А)сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

В) белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

С) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, қоғамның мемлекеттік органдардың қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және

ұйымдастырушылық шаралар және сәйкес өзге де шаралар;

D) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

E) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептермен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі.

8. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның хабарынсыз келіп түскен сыйлықтар:

A) өзі жұмыс істейтін органның кассасына

беру;
В) екі апта мерзімде арнайы мемлекеттік
қорға өтеусіз тапсыруға тиіс;

С)үш апта мерзімде арнайы мемлекеттік қорға өтеусіз тапсыруға

Д)жеті күн мерзімде арнайы мемлекеттік қорға өтеусіз тапсыруға

Е) бір ай мерзімде арнайы мемлекеттік қорға өтеусіз тапсыруға тиіс.

9.Мемлекеттік қызметші кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсынады:

А)тікелей басшыға;

В) мемлекеттік органның кадр қызметіне;

С)мемлекеттік органның бухгалтериясына;

Д)орталық атқарушы органның жауапты хатшысына;

Е) салық органдарына.

10.Мемлекеттік қызметші өз отбасының мынадай мүшелеріне қатысты кірістері мен мүлкі туралы декларацияда мәліметтер беруге міндетті:

А)ата-аналар, жұбайы (зайыбы), балалары (оның ішінде асырап алынған);

В)жұбайы (зайыбы) және кәмелетке толмаған балалары;

С)ата-аналары, бауырлары, жұбайы (зайыбы), балалары, өзгеде жақын адамдары;

Д)жұбайы (зайыбы) және кәмелетке толған балалары;

Е) жұбайы (зайыбы).

11.Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны және (немесе) кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсынбау немесе мұндай декларацияларда толық емес, анық емес мәліметтерді ұсынбаған жағдайда, әкеп соғады:

А) мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік қызмет лауазымынан босату;

В) мемлекеттік қызметшіні тәртіптік жазаға тарту;

С) мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік қызметтен босату;

Д) ҚР-ның заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшіні қылмыстық жауаптылыққа тарту;

Е) егер жасалған іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, мемлекеттік қызметшіні әкімшілік жауаптылыққа тарту.

Тақырып №3: Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың құқықтық сипаттамасы

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларын талдауға кешенді талдау. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың сипаттамасы. Әкімшілік

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тарту және одан босату мәселелері. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс нормаларының сыбайлас жемқорлықты талдау.

Тапсырма №1.

Ситуациялық есептерді шешіңіз.

Есеп №1.

Ауруханадағы наукас Жанатов дәрігер-терапевт Қылышпаевқа зейінді көзқарас және кезектен тыс қызмет көрсету үшін сыйлықтар береді («Рафаэлло» кәмпиттер қорабы). Дәрігер мұны талап етпейді, бірақ олақша мен сыйлықтардан бас тартпайды.

Дәрігер-терапевт Қылышпаевтің іс-әрекетін бағалаңыз?

Есеп №2.

Өзбекстан Республикасының азаматы Усманов Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері бойынша уақытша тіркелуді жеделдету үшін көші-қон қызмет инспекторы, полиция аға лейтенанты Төлеухановқа ақшалай сыйақы береді

Көші-қон қызметінің инспекторының әрекеттеріне заңды баға беріңіз?

Есеп №3. Яковенко Қостанай қаласындағы автожол колледжінің оқытушысы болып жұмыс істей отырып, студенттің анасынан «Мерси» атты кәмпит қорабын және «Ұлар» маркалы коньяктың бір бөтелкесін алды, ол студенттің оқу жоспары бойынша сынақты тапсыру құқығына ие болған жағдайда студенттен мерзімінен бұрын (кестеден тыс) сынақты қабылдауға келіскені үшін алғыс білдірді. Оқытушы бір қорап кәмпит пен бір бөтелке коньякты сыйлық деп санады және бұл туралы колледж басшыларының ешқайсысына хабарлаған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері бар ма?

Есеп №4.

Облыс әкімдігінің білім бөлімінің қызметкері Жартасов жоғары лауазымды шенеуніктің жақын туысы болғандықтан, қызметте басқаларға карағанда тезірек ілгерілейді (жоғарылайды).

Бұл жағдайда сыбайлас жемқорлық туралы айтуға бола ма? Қазақстан Республикасының 2015 жылы 18.11. қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес «жақын туыстарға» кімдер жатқызылады?

Есеп №5.

Шенеунік бизнеске немесе фирмаға тиімді несие алуға немесе тиімді келісімшарт жасауға көмектеседі. Кәсіпорынның немесе фирманың басшылығы шенеунікке жәрдемдескен үшін белгілі бір пайыз төлейді.

Бұл жағдайда шенеунік пара алама?

Есеп №6.

«Волга Холдинг» ЖШС агроөнеркәсіп компаниясының өкілдері облыстық маслихат депутаты Манарбековқа маслихат отырысында компанияға қатысты тиімді дауыс беру туралы келіссөз жүргізеді және осы үшін сыйақы төлейді немесе қандай да бір қызмет көрсетеді.

Манарбековтың әрекеттерінде қандай да бір құқық бұзушылық белгілері бар ма?

Есеп №7. Бирюков Қостанай қаласының № 11 кәсіптік-техникалық мектебінің оқытушысы бола отырып, оның міндеттеріне студенттерден емтихан қабылдау және олар орындаған курстық жұмыстарды тексеру болатын, студенттердің ақшалай сыйақылары үшін курстық жұмыстар мен білімді нақты тексерусіз оң баға беріп емтихандарға рұқсат берді. Белгілі болғандай, бір ай ішінде, желтоқсан және қаңтар айларының аралығында оқытушы студенттерден ақшалай

сыйақы алып отырды, олардың әрқайсысының сомасы 2000-нан 5000 теңгеге дейін құрады

Оқытушы Бирюковтың іс-әрекетіне баға беріңіз?

Есеп №8. Қостанай облысы бойынша салық комитетінің сыртқы аудит бөлімінің аға салық инспекторы Қарабетова жоғары оқу орнын бітірген қызын жұмысқа орналастыру мақсатында қаланың ірі кәсіпорындарының бірінің директорына көмек сұрап жүгінді. Қарабетованың қызы мамандығы бойынша жұмысқа қабылданды. Бүлүшін инспектор Қарабетова өз бастамасымен кәсіпорынның бас бухгалтеріне алдағы тексерулер туралы айтып, қаржылық есептілікті жасауға кезінде кеңестерімен көмектесті.

Қарабетова мен кәсіпорын директорының әрекеттерінде қандай да бір құқық бұзушылық белгілері бар ма?

Есеп №9.

Бородавкина тергеу изоляторы бастығының орынбасары Абдеевке изолятордағы күйеуімен кездесуді ұйымдастырғаны үшін құны 5000 теңге тұратын шоколад қорабын берді.

Аталған тұлғалардың іс-әрекеттерінде қандай да бір құқық бұзушылық белгілері бар ма?

Есеп №10.

Қалалық орта білім беру мектебі 5-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі дайындау бойынша халыққа ақылы қызметтер көрсетті. Мектеп директоры Сафин алынған қолма - қол ақшаны мектептің бюджетіне тапсырған жоқ, бірақ оны кейінірек қайтарып алу ниетімен өз қалауы бойынша пайдаланды. Нәтижесінде мектеп сабаққа қажетті әдістемелік әдебиеттерді сатып алған жоқ, ал төрт ай ішіндебірнеше мұғалімнің еңбегі уақытында төленбеді.

Сафин өз әрекеттер іушін жауаптылыққ атартыла ма?

Есеп №11.

Қаршалов мемлекеттік жоғары оқу орындарының бірінің аға инспектор-әдіскер болып жұмыс істейжүріп, екі жыл бұрынЖОО-ның бес курсының үшеуін ғана бітірген Ботақановқа 300 000 теңге көлемінде сыйақы үшін оның атына жазылған жоғары білім туралы диплом берді. Дипломдағы шенеуніктердің қолдары шынайы болды. Тергеу барысында Каршаловтың міндеттеріне диплом бланкілерінің жұмсалуын есепке алу және бақылау, сондай-ақ дипломдардың дұрыс толтырылуын бақылау кіретіні анықталды.

Қаршаловтың әрекеттеріне заңдыбаға беріңіз? Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардан ажыратыңыз?

Есеп№12.

Ермекова Қостанай қалалық білім беру басқармасы бастығы бола отырып, сыйақы үшін азаматша Нұржанова, Толмачева, Егімбековаға еңбек өтілін растайтын жалған құжаттарды берді. Аталған құжаттар арқылы азаматша Нұржанова, Толмачева, Егімбекова зейнетақыларды заңсыз алған.

Ермекованың жауаптылығы туралы мәселе қалай шешілуі керек?

Есеп№13.

Сот отырысының хатшысы болып жұмыс істеген Советжанова сыйақы үшін көлік құралын басқару құқығынан 3жыл мерзімге айырылған Киреевке әкімшілік істегі жүргізуші куәлігін алып берді.

Советжанованың іс-әрекетіне құқықтық баға беріңіз.

Есеп №14.

Анестезиолог-дәрігер Магай әр операция алдында науқастарға операция кезінде анестезияның әртүрлі түрлерін (наркоздың) қолдануға болатындығын айтты. Анестезияның (наркоздың) кейбір түрлерін науқастар нашар қабылдайды, ал басқалары теріс салдарға (жанама әсерлерге) әкелмейді. Егер науқас операция кезінде сапалы дәрі-дәрмектерді қолданғысы келсе, онда ол 5000 теңге төлеуі керек. Препарат үшін емес, дәрігер дәл осы препаратты қолданатыны үшін.

*Ұсынылған жағдайға заңды баға беріңіз?
Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық
бұзушылықтарды қылмыстық сыбайлас
жемқорлық құқық бұзушылықтардан
ажыратыңыз?*

Есеп №15.

Қазақстан Республикасы облыстарының бірінің әкімі қорықтарда қолданыстағы ережелерді бұза отырып жүзеге асырылған аң аулауға достарымен бірге ұшу үшін өзіне бекітілген және әкімшіліктің бюджетінде ұсталатын «Ми-20» тікұшақты бірнеше рет пайдаланды. Тергеу көрсеткендей, «Ми-20» қызметтік тікұшақты негізсіз пайдалану нәтижесінде мемлекетке 3 млн. теңгеден астам

сомаға залал келтірілген.

Әкімнің іс-әрекетіне құқықтық баға беріңіз?

Тапсырма №2.

Тұрмыстық (қарапайым), коммерциялық (іскерлік) және саяси сыбайлас жемқорлықты бейнелеу үшін өз мысалдарыңызды келтіріңіз. Қажетті түсініктемелер беріңіз.

Тапсырма №3. Тест шешіңіз.

№1 нұсқа

1. ҚР-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылдың негізгі қағидаттарын атаңыз:

А) заңдылық;

В) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың басымдығы;

С) жариялылық және ашықтық;

Д) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;

Е) жоғарыда аталған барлық жауап нұсқалары.

2. ҚР-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл міндеттері:

А) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру;

В) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою;

С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс- қимылын нығайту;

Д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

Е) жоғарыда аталған барлық жауап нұсқалары.

3. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг» – бұл:

А) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай- ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі;

В) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас

жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

С) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

Д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

Е) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу.

4. Мемлекеттік қызметшіге тыйым салынады:

- A) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;
- B) өкілді органның депутаты болуға;
- C) қызметте тұрған мемлекеттік органда үшінші тұлғалардың істері жөніндегі өкіл болуға;
- D) мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерін орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қатысуға;
- E) жоғарыда аталған барлық жауап нұсқалары.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің көздері:

- A) құқықтық статистика;
- B) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- C) үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері;
- D) бұқаралық ақпарат құралдарындағы әлеуметтік сауалнамалар мен жарияланымдардың деректері;
- E) жоғарыда аталған барлық жауап нұсқалары.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру:

- A) тұлғаның адамгершілік, зияткерлік,

мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі;

В) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі;

С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

Д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдыналу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар

жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

Е) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері өз құзыреті шегінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша жүзеге асыратын қызмет.

7. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қандай жауаптылыққа тартылады:

- А) тек қылмыстық;
- В) қылмыстық және әкімшілік;
- С) азаматтық - құқықтық;
- Д) тәртіптік;
- Е) жоғарыда аталған барлық жауап нұсқалары.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – бұл:

А) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы

кайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

В) адамның адамгершілік, зияткерлік, мәдени дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі;

С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

Д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

Е) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі.

9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға байланысты жасалған мәмілелер жарамсыз деп шешім шығаратын орган:

А) тергеп-тексеруді жүргізетін орган;

В) прокуратура;

С) сот;

Д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі;

Е) экономикалық тергеу қызметі.

10. ҚР-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің міндеттері:

А) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау;

В) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жолын кесу;

С) сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу;

Д) сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу;

Е) жоғарыда аталған барлық жауап нұсқалары.

№2 нұсқа

1. Аталған қағидаттардың қайсысы Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидат болып табылады:

- А) демократия;
- В) уақытылы;
- С) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазаның болмай қалмайтындығы;
- Д) кәсіпқойлық;
- Е) адамгершілік (гуманизм).

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де жолмен жәрдем көрсеткен адам кімнің қорғауында болады:

- А) мемлекеттің;
- В) прокуратураның;
- С) ұлттық қауіпсіздік комитетінің;
- Д) ҚР қауіпсіздік кеңесі;
- Е) қорғанысты пайдаланатын адамдардың қауіпсіздігі жөніндегі агенттіктің.

3. ҚР-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылдың негізгі қағидаттарының қатарына мынадай қағидат жатпайды:

- А) заңдылық;

В)адамгершілік (гуманизм);

С)сыбайлас жемқорлық құқық
бұзушылықтар жасағаны үшін
жазаның болмай қалмайтындығы;

Д)сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимылға жәрдем көрсететін адамдарды
көтермелеу;

Е)сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
шараларын басым қолдану;

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
жөніндегі уәкілетті орган мынадай бағыттар
бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
сыртқы талдауды жүзеге асырады:

А)мемлекеттік органдар мен
ұйымдардың қызметіне қатысты нормативтік
құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін анықтау;

В)квазимемлекеттік сектор
субъектілерінің қызметін қозғайтын
нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас
жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

С)мемлекеттік органдар мен
ұйымдардың ұйымдық-басқару қызметінде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Д)квазимемлекеттік сектор
субъектілерінің ұйымдық-басқару қызметінде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Е)жоғарыда аталған барлық жауап

нұсқалары.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган келесі салаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауды жүзеге асыруға құқылы емес:

А) прокуратура жүзеге асыратын жоғары қадағалау;

В) қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс-жүргізу;

С) сот төрелігі;

Д) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс-жүргізу;

Е) жоғарыда аталған барлық жауап нұсқалары.

6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган келесі салада сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауды жүзеге асыруға құқылы емес:

А) заңды тұлғалар үшін салықтық жеңілдіктер;

В) банк депозиттері бойынша негізсіз жоғары ставкаларды ұсыну;

С) жедел-ізвестіру қызметі;

Д) атқарушы билік органдары бекітілген ережеге (жарғыға) сәйкес өздері орындай алатын мемлекеттік мұқтаждар үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу;

Е) тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік келісімшарттарға қол қою.

7. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құқықтары мен міндеттеріне жатқызылады:

А) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру;

В) орталық атқарушы органдардың заң қызметтерінің қызметін үйлестіру және әдіснамалық басшылық ету;

С) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан тексерулер, салықтық және басқа да тексерулер, аудит және қызмет тиімділігін бағалау жүргізу туралы ұсыныстар енгізуге;

Д) Премьер-Министрдің, оның орынбасарының немесе Премьер-Министр Кеңсесі Басшысының тапсырмасы бойынша

мемлекеттік органдарға сот талқылауларында құқықтық және консультациялық көмек көрсету;

Е) адам мен азаматтың, ұйымдар мен мемлекеттердің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қорғау.

8. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің функцияларына:

А) ұлттық заңнаманы дамыту;

В) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шет мемлекеттермен құқықтық көмек және құқықтық ынтымақтастық туралы халықаралық шарттар жасасуды дайындау, ұйымдастыру;

С) оларға басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ олар құпиялаған мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету;

Д) мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау;

Е) мүдделі мемлекеттік органдармен

бірлесіп Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерін ресми түсіндіру.

Тақырып №4: Қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың құқықтық сипаттамасы

Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі, түрлері және жалпы қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

Сыбайлас

жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілері.

«лауазымды адам», «билік өкілі», «жауапты мемлекеттік лауазымды

атқаратынадам», «мемлекеттік функцияларды орындауға әкілетті адам»,

«мемлекеттік функцияларды орындау үшін адамдарға теңестірілген адамдар» ұғымы.

Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларына құқықтық талдау жасау.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту және босату мәселелері. Пара алудың қылмыстық-құқықтық талдауы.

№1 тапсырма. Презентация дайындаңыз.

Презентация тақырыптары:

1. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі.

2. Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы тұжырымдамасының мақсаттары мен міндеттері.

3. Қазақстан Республикасының 2015ж.18.11 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңында көрсетілген мемлекеттік қызметшілерге қатысты қолданылатын қаржылық бақылау шаралары.

4. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі бойынша сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктелуі.

5. Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылық субъектілері.

№2 тапсырма.

Ситуациялық есептерді шешіңіз.

Есеп №1. Қостанай облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне Қостанай қаласының мемлекеттік жоғары оқу

орындарының бірінің студенті оқытушы Ахметовтың ақша талап еткендігі туралы арызымен жүгінді. Арызда студенттің курстық жұмысты қорғауға уақытында ұсынбауына байланысты емтиханға жіберілмегені анықталды. Ол өз мәселесімен оқытушы Ахметовке жүгінген кезде, соңғысы оған 10 000 теңге төлеуді ұсынды, содан кейін студентке өзі жазған курстық жұмысты тапсырды және курстық жұмыстарды қорғау жөніндегі комиссияның мүшесі бола отырып, студенттің аты-жөнін тиісті ведомосқа енгізіп, өте жақсы деген баға қойды.

Оқытушы Ахметовтың іс-әрекетінде қандай да бір құқық бұзушылық белгілері бар ма?

Есеп №2. Мемлекеттік жоғары оқу орнының ректоры Пятницкий өзінің көптен бергі досы Новиковтың өтініші бойынша ұлттық бірыңғай тестілеуден керекті (өтпелі) балл жинай алмаған ұлын заң факультетінің 1-курсына (оқытудың бюджеттік нысаны) қабылдады. Бірақ оның жоғары оқу орнына түсуге құқығы болған жоқ. Өз кезегінде, Новиков университет қорына 1,5 миллион теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетті.

Аталған адамдардың іс-әрекеттерінде қандай да бір құқық бұзушылық белгілері бар

ма? Пятницкийдің іс-әрекетіне баға беріңіз, егер ол Новиковтан алған ақшаны университет қорына салмай, өз қажеттіліктеріне (мейрамханаларға бару, шетелдік сапарға және т.б.) пайланған жағдайда жауаптылыққа тартыла ма?

Есеп №3. Қостанай қаласындағы № 22 жалпы орта мектебінің директоры Сұлтанов мектептің шотына өртке қарсы дабылды жайластыруға және эвакуациялық шығуларды жөндеуге мақсатты түрде бөлінген ақша түскенін біліп, бірақ оны жарты жылдан астам уақытжалақы алмаған қызметкерлерге төлеу үшін пайдаланды. Үш айдан кейін мектепте өрт болып, екі адам қаза тапты.

Сұлтановтың әрекеттеріне заңды баға беріңіз? Сұлтанов ақшаны өз пәтерін жөндеуге пайдаланған жағдайда жауаптылыққа тартылама?

Есеп №4. Міндетті медициналық сақтандыру қорының басшысы Аккулев жоғары тұрған ұйымнан медициналық мекемелерді қамтамасыз ету үшін дәрі-дәрмектерді сатып алуға 7 миллион теңге көлемінде алынған қаражатты жұбайына тиесілі стоматологиялық кабинетті жинақтау үшін қымбат жабдықтарды сатып алуға пайдаланды. Ол өзінің іс-әрекетін бұған дейін

оларға стоматологиялық кабинеттің жабдықтарын қаржыландыруға өтінім берілгендігімен түсіндірді, бірақ оны жабдықтауға ақша келесі тоқсанда ғана бөлінуі керек еді.

Аккулевтің іс-әрекеттеріне заңды баға беріңіз?

Есеп №5.. Қостанай облысы ПД тергеу басқармасының бастығы Крутиков материалдық пайда алу мақсатында пайдакүнемдік ниетпен өзінің қарамағындағы Мирзоевтен азамат Хромовқа қатысты соңғының өндірістегі қылмыстық істі кабинетке әкелуін сұрады. Қылмыстық істің материалдарын зерделеп және қылмыстық іс бойынша қылмыстық құқық бұзушылық құрамы жоқ екенін біле отырып, азамат Хромовпен жеке кездесті, ол соңғысын қылмыстық жауапкершілікке тартпау мақсатында оған Ақтау қаласында жер учаскесін алу туралы мәселені шешуге көмек түрінде қызмет көрсетуді ұсынды, оған соңғысы Ақтау қаласының әкімдігінің жер бөлімінің бастығы болғандықтан келісті.

Кінәлілердің әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз?

Есеп №6. Масан күйде болған Досаев «Тойота» маркалы автокөлігімен Абай даңғылынан Гоголь көшесіне қарай жүріп сағатына 75 км/сағ. жылдамдықпен бағдаршамның қызыл сигналына жүріп өтті, Қостанай облысының ЖПҚ инспекторы, полиция аға лейтенанты Ложкин жүргізушы Досаевты тоқтатып, соңғысына құқық бұзушылық фактісі туралы бейнежазбаны ұсынды. Досаев. Ложкинге 10 000 теңге көлемінде пара ұсынды, оған соңғысы келісті.

Аталған тұлғалардың іс-әрекеттерінде қандай да бір құқық бұзушылық белгілері бар ма? Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардан ажыратыңыз?

Есеп № 7. Павлодар қаласының №2 қалалық сотының судьясы Мешков Павлодар қаласының жер қатынастары бөлімінің талап арызын қараусыз қалдыру туралы өкім шығарғаны үшін делдал Гаврилов арқылы азамат Кравцовтан 500 000 теңге сомасында пара алды.

Аталған адамдардың іс-әрекеттерінде қандай да бір құқық бұзушылық белгілері бар ма?

басшысы Назаров Ақтөбе қаласындағы «Жастар бульварында» футбол алаңын сатып алу және орнату үшін мемлекеттен он миллион теңге көлемінде ақшалай сома алды. Алаңды орнату жұмыстары әлі аяқталған жоқ. Алайда, Бас прокуратурамен тексеру барысында жоғарыда көрсетілген объект бойынша нақты орындалған жұмыстардың жалған актілеріне қол қою фактісі анықталды.

Назаровтың іс-әрекетінде қандай да бір құқық бұзушылық белгілері бар ма?

Есеп № 9. 2017-2019 жылдар аралығында Қарағанды облысы бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кромский аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне орындалған қоғамдық жұмыстар, жұмыссыз адамдар туралы жалған құжаттар жіберді. Шын мәнінде, тізімде көрсетілген кейбір азаматтар жұмысты орындап қана қоймай, жұмыссыз болған жоқ, тіпті олар басқа елді мекендерде тұрды. Кромский аудандық бөлімнің бас бухгалтері Утаровамен бірге орындалған қоғамдық жұмыстарға аударылған ақшалай қаражатын иемденді. Осылайша, екі миллион теңге көлемінде ақшалай сома жымқырылды.

Кінәлілердің әрекеттеріне қылмыстық-

құқықтық баға беріңіз?

Есеп № 10. Тетерин өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалана отырып, өзі үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатында Қарағанды қаласындағы Қайырбеков көшесіндегі нақты орындамаған жол жұмыстарын жөндеуін қабылдады.

Тетерин өз әрекеттері үшін жауап бере ме? «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық» ұғымына анықтама беріңіз.

Тақырып №5: Шетелдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ұлттық үлгілері. Халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық құқықтық актілер. Біріккен Ұлттар Ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы. Сингапур мен Оңтүстік Кореяның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті. Қытайдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия. АҚШ мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Францияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ерекшеліктері. Германиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйе. Жапониядағы сыбайлас жемқорлықпен күрес тәжірибесі.

№1 тапсырма. Презентация
дайындаңыз. Презентация тақырыптары:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің халықаралық құралдары.
2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобы (ГРЕКО).
4. Сингапурдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті.
5. Оңтүстік Кореяның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты.
6. Қытайдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы.
7. АҚШ-та жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары.
8. Францияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ерекшеліктері.
9. Германияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты.
10. Эстонияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты.

№2 тапсырма. Тест шешіңіз

№1 нұсқа

1. БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы қабылданды:
А) 2000 ж.;

- В)2001 ж.;
- С)2003 ж.;
- Д)2005ж.
- Е)2007ж.

2. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясын бекіткен (ратификациялаған) жыл:

- А)2008ж.;
- В)2010 ж.;
- С)2012 ж.;
- Д)2014ж;
- Е)2016ж.

3. БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясында «Қоғамдық лауазымды тұлға»:

А) қатысушы-мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік немесе сот органында қандай да бір лауазымды тұрақты негізде атқаратын кез келген сайланатын адам, осы адамның лауазым еңбекақысына, деңгейіне қарамастан;

В) қатысушы-мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік немесе сот органында қандай да бір лауазымды тұрақты немесе уақытша негізде атқаратын кез келген тағайындалатын тұлға, осы адамның еңбекақысына, лауазым деңгейіне қарамастан;

С) қатысушы-мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік немесе сот органында қандай да бір лауазымды тұрақты немесе уақытша негізде атқаратын кез келген тағайындалатын немесе сайланатын адам, осы адамның еңбекақысына лауазым деңгейіне қарамастан;

Д) жария халықаралық ұйым оның атынан әрекет етуге уәкілетті халықаралық азаматтық қызметші;

Е) жария халықаралық ұйым оның атынан әрекет етуге уәкілетті кез келген тұлға.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің аталған қағидаттарының қайсысы Еуропа Кеңесі үшін жетекші болып табылады?

А) демократия;

В) уақытылы;

С) кәсіпқойлық;

Д) әділеттілік;

Е) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің барлық салаларында мүмкін болатын халықаралық ынтымақтастықты барынша кең дәрежеге дейін дамыту.

5. «Қазақстан Республикасы қай жылы ГРЕКО ұйымының мүшесі болды (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобы):

- A)2016 жылы;
- B)2017 жылы;
- C)2018 жылы;
- D)2019 жылы;
- E)2020 жылы.

6. «Телефон құқығын» пайдалану әрекеттері үшін қылмыстық жауаптылық қай елде қарастырылған:

- A) Франция;
- B)Германия;
- C) Италия;
- D)Жапония;
- E)Сингапур.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің аталған қағидаттарының қайсысы Еуропа Кеңесі үшін жетекші болып табылады?

- A)демократия;
- B) уақтылығы;
- C) кәсібилік;
- D) әділеттілік;
- E)сыбайлас жемқорлық бойынша зерттеулерді көтермелеу.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің аталған қағидаттарының қайсысы Еуропа Кеңесі үшін жетекші болып табылады?

- А) демократия;
- В) уақтылығы;
- С) кәсібилік;
- Д) әділеттілік;
- Е) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте жәрдемдесетін адамдарды қорғау кепілдігі.

9. Сингапурлық мемлекет және саяси қайраткері, Сингапур Республикасының тарихындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді күрес жүргізген бірінші Премьер-министр, сингапурдың «экономикалық ғажайыбын» жасаушылардың бірі:

- А) Пан Ги Мун;
- В) Мао Цзедун;
- С) Дэн Сяопин;

№2 нұсқа

1. Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жиырма қағидаты» 24 қарарын қабылдады:

- А) 1997ж.;
- В) 1998ж.;
- С) 2001ж.;
- Д) 2003ж.;
- Е) 2005ж.

2. Еуропа Кеңесі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобын (ГРЕКО) қашан құрды:

- A) 1997 жылы;
- B) 1998жылы;
- C) 1999жылы;
- D) 2003 жылы;
- E) 2008 жылы.

3. Еуропалық Одақ Кеңесінің 1997 жылғы 26 мамырдағы конвенциясы «Белсенді сыбайлас жемқорлық» деп таниды:

A) мемлекеттік қызметшінің қызметтік жағдайын қасақана теріс пайдалануы;

B) мемлекеттік қызметшінің өкілеттіктерін қасақана теріс пайдалануы;

C) кезкелгенадамныңпара беруі;

D) жеке тұлғаның өзінің лауазымдық жағдайын қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделеріне қайшы, ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер түрінде пайда алу мақсатында пайдалануы;

E) қызметшіге тікелей немесе делдал арқылы кез келген сипаттағы пайданы уәде ететін немесе беретін кез келген адамның қасақана әрекеті. ол немесе үшінші тұлға үшін, өз міндеттерін бұза отырып, аталған адам әрекет жасауы немесе әрекет жасаудан бас тартуы үшін.

4. Қазақстан Республиканың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын кім анықтайды

- A) Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі;
- B) Қазақстан Республикасының Парламенті;
- C) Қазақстан Республикасының Президенті;
- D) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- E) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган.

5. Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Конвенциясы қай жылы қабылданды?

- A) 2015ж.;
- B) 2010ж.;
- C) 2000ж.;
- D) 2001ж.;
- E) 2013ж.

6. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл күні қашан атап өтіледі?

- A) 9 мамыр;
- B) 9 шілде;
- C) 9 тамыз;
- D) 9 қараша;
- E) 9 желтоқсан.

7. 2004-2007 жылдар аралығында «Адал мемлекет» стратегиясы қолданылған елді атаңыз?

- A) Эстония;
- B) Германия;
- C) Финляндия;
- D) ОңтүстікКорея;
- E) АҚШ.

8. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы академия орналасқан елді атаңыз:

- A) Қазақстан;
- B) Бельгия;
- C) Италия;
- D) Германия;
- E) Австрия.

Тақырып №6:Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие беру

Жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін тәрбиелеудегі отбасының рөлі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиенің міндеттері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық тәрбиені жүзегеасыру нысандары. Жастарды құқықтық тәрбиелеудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүние танымды

калыптастыру. Жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру-сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат міндеттерінің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері бойынша агенттігінің Әдеп жөніндегі кеңесі.

№1 тапсырма Презентация
дайындаңыз.Презентация тақырыптары:

1. Жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін тәрбиелеудегі отбасының рөлі.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиенің міндеттері.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық тәрбиелеуді іске асыру нысандары.
4. Жастарды құқықтық тәрбиелеудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыты.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүние танымды қалыптастыру.
6. Жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру.
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту:

мақсаттары, міндеттері, маңызы.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылықты арттыру құралдарының бірі ретінде.

9. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру – Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың құрамдас міндеттерінің бірі ретінде.

10. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі: мақсаттары мен міндеттері.

11. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Әдеп жөніндегі кеңесі - мемлекеттік қызметшілердің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудың бір құралы ретінде.

Тақырып №2.

Ситуациялық есептерді шешіңіз.

Есеп №1. Алматы қаласының ІІБ жол патрульдік бекеттік қызметтің қызметкері, полиция сержанты Айдаров кезекшілікті атқарукезінде қалада уақытша тіркелгені туралы құжаттарды ұсына алмаған ұқыпсыз киінген азамат Облаковты көрді. Сержант Айдаров, ол сияқты адамдарға таза қалада орын жоқ екенін мәлімдеп сол азаматты

аяғымен ұрып, денсаулығына орташа зиян келтірді.

Сержант Айдаровтың әрекеттеріне баға беріңіз? Құқық қорғау органының беделін түсіретін теріс қылықтарға не жатқызылады?

Есеп №2. Көтерме базарда «Бейбарыс» акционерлік қоғамы күзет бөлімінің қызметкері Кубарев полиция сержанты Смаиловпен және кіші сержант Тоқтаровпен бірге Нысынбаев пен Алешинді қалта ұрлығын жасады деген күдікпен ұстады, оларды полицияға жеткізді. Бөлімшеде Кубарев Нысынбаевтың арқасынан «ПР-73» резеңке таяқшасымен соққы жасады, ал Смайылов пен Тоқтаров Алешинді соққыға жықты. Кубарев Нысанбаевты ұрлық үшін қылмыстық жауаптылыққа тартамын деп қорқытып, оған Смаилов пен Тоқтаровқа 200 000 теңге сомасында ақша беруді талап етті. Бұрын сотталған Нысынбаев қылмыстық жауаптылыққа тартудан қорқып, келісті

Ұсынылған жағдайға заңды баға беріңіз?

Есеп №3. Кречетов № 9122 әскери бөлімінің медициналық бөлімнің бастығы—бола отырып, өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып, қатардағы жауынгерлер

Әбдірашев, Каиров, Истомин және Смирновтың ата-аналарынан балаларының ауыр жай-күйінің көрінеу жасағаны және оларға сырқаттануы туралы жалған куәліктер бергені үшін қомақты ақша алды, соның негізінде мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер деңсаулық жағдайына әскери қызметке жарамсыз деп танылып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен босатылды.

Кречетов өз әрекеттері үшін жауапқа тартыла ма? «Лауазымды адам» ұғымына анықтама беріңіз?

Есеп №4. Амиров жергілікті өзін-өзі басқару органының тұтыну нарығы бөлімінің штаттан тыс инспекторы лауазымына қабылданды. Тұтыну нарығы бөлімінің штаттан тыс қызметкері-инспекторына арналған Нұсқаулыққа сәйкес оның функционалдық міндеттеріне сауда, қоғамдық тамақтандыру және халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары басшылығының тапсырмасы бойынша олардың басшыларының кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамалық актілерді, ережелер мен нормаларды орындауы тұрғысынан тексеру, тексеру нәтижелері бойынша нақты бұзушылықтарды көрсете отырып

анықтамалар жасау, кейіннен осы анықтамаларды ұсыну кезінде анықталған бұзушылықтардың мәні бойынша шешім қабылдау үшін негіз болып табылады. Амиров. басқа штаттан тыс инспектормен бірге дүкенге келді, онда олар жүргізген тексеру нәтижесінде дүкен қызметін реттейтін заңнамалық актілердің, ережелер мен нормалардың бұзылғанын анықтады. Анықтама жасау кезінде аталған дүкеннің үй-жайында болған Амиров «екінші тұлғамен» бірлесіп дүкеннің тексеруін тоқтатып және оның жұмысын жалғастырғаны үшін дүкен директорынан 80 мың теңге талап етті.

*Ұсынылған жағдайға заңды баға беріңіз?
ҚР 2015 жылы 18. қарашадағы «Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына
сәйкес «үшінші тұлғалар мен жекжаттарға»
кімдер жатқызылады?*

Есеп №5. Қостанай облысы әкімдігінің экономика басқармасының басшысы Страховаға азаматша Краткова қызметтік пәтер алуға көмек сұрап жүгінді. Өз әңгімесінде Краткова қызметтік пәтер алғаннан кейін мемлекеттік қызметкерді қаланың ең жақсы мейрамханаларының біріне шақырып, қоныс тойын атап өтуге уәде берді.

Краткованың әрекеттерінде сыбайлас

*жемқорлық құқық бұзушылық бар ма?
Мейрамханаға шақыру немесе қызмет көрсету
пара ретінде қарастыруға бола ма?*

Тапсырма №3. Тест шешіңіз
№1 нұсқа

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» заңына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру» бұл:

А) адамның адамгершілік, зияткерлік, мәдени дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі;

В) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі;

С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы

мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

E) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері өз құзыреті шегінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша жүзеге асыратын қызмет.

2. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» бұл:

A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту

жөніндегі өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі;

В) адамның адамгершілік, зияткерлік, мәдени дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі;

В) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі;

С) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылсубъектілерінің алдымен алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің қабылданған күнін атаңыз?

- A) 2015 жылғы 29 желтоқсан;
- B) 2015 жылғы 30 қыркүйек;
- C) 2015 жылғы 15 маусым;
- D) 2016 жылғы 10 шілде;
- E) 2016 жылғы 20 ақпан.

4. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке кіргеннен кейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің мәтінімен жазбаша нысанда танысуға тиіс:

- A) жеті күн мерзімде;
- B) Үш күндік мерзімде;
- C) Бес күндік мерзімде;
- D) Онбес күндік мерзімде;
- E) Бір ай мерзімде.

5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік

қызметшісінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде оның сыртқы келбеті мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, жалпы қабылданған іскерлік стильгесәйкес келуге тиіс:

- А) талғампаздық, ұқыптылық және тазалық;
- В) тазалық, ұқыптылық және сабырлық;
- С) ресмилік, ұстамдылық және ұқыптылық;
- Д) ұқыптылық, талғампаздық және дәлдік;
- Е) тартымдылық, ұқыптылық және тазалық.

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері қызметтен тыс уақытта тиісті:

- A) өзотбасыныңбеделінеқамқорлықжасауға;
а;
- B) азғындықәрекеттергежолбермеуге;
- C) қоғамдажатмінез-
құлықжағдайларынажолбермеуге;
- D) жекетанысужәнебайланыскезіндетүсіні
ктіболуға;
- E) отбасылықайыптауларданаулақболуға.

7. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жәнeсыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Әдеп жөніндегі кеңесінің жұмыс органы:

- A) бюро;
- B) қызмет;
- C) хатшылық;
- D) бөлім;
- E) кеңсе.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәні бойынша сынақ сұрақтары

1. Сыбайлас жемқорлықтың даму түсінігі мен тарихы.
2. Сыбайлас жемқорлық теріс әлеуметтік - құқықтық құбылыс ретінде.
3. Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы тұжырымдамасының мақсаттары мен міндеттері.
4. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте жәрдем көрсететін адамдардың қол сұғылмаушылық кепілдіктері.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің халықаралық құралдары.
7. ҚР 2015 жылғы 18.11. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңында көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық субъектілері.
8. Сыбайлас жемқордың жеке басының сипаттамасы.
9. ҚР 2015 жылғы 18.11. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңында

қолданылатын негізгі ұғымдар.

10. ҚР 2015 жылғы 18.11 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңында көрсетілген мемлекеттік қызметшілерге қатысты қолданылатын қаржылық бақылау шаралары.

11. «Сыбайлас жемқорлық» терминінің халықаралық сипаттамасы.

12. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекет қызметіне әсері, оған қарсы күрестегі негізгі мақсаттар мен міндеттері.

13. Францияда қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары.

14. «Сыбайлас жемқорлық» терминінің тарихи-құқықтық сипаттамасы.

15. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын тұлғалардың іс-әрекеттері және олар үшін жауаптылық.

16. Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру.

17. Мемлекеттік функцияларды орындауға үміткер адамдарға қойылатын талаптар.

18. Сыбайлас жемқорлықпен күрес қағидаттары (принциптері) және олардың сипаттамасы.

19. Сыбайлас жемқорлықпен ұштасатын немесе сыбайлас жемқорлыққа

жағдай жасайтын құқық бұзушылықтар.

20. Қазақстан Республикасының
сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимылдың азиялық моделі.

22. Бюджет саласындағы сыбайлас
жемқорлық қылмыстардың түрлері.

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс
қимылдың тарихи тәжірибесі.

24. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар
мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың
айырмашылығын ажырату мәселелері.

25. Қазақстан Республикасында
сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы мен
өмір сүруіне ықпал ететін негізгі себептер мен
жағдайлар.

26. Қазақстан Республикасының
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл
саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі
мақсаттары, міндеттері мен принциптері.

27. Өкілеттіктерді теріс пайдалану –
сыбайлас жемқорлық қылмысының бір түрі
ретінде.

28. Лауазымды адам – сыбайлас
жемқорлық қылмыстарының субъектісі
ретінде.

29. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл саласындағы халықаралық құқықтық
актілер.

30. Қазақстан Республикасының заңнамасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілер.

31. Мемлекеттік қызметшілер – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері ретінде.

32. Мүлікті тәркілеу – сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету құралы ретінде.

33. Қызметшілердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының түрлері мен нысандары.

34. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылық.

35. Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері.

36. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттің басым бағыттары.

37. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте адамгершілік (гуманистік) және репрессиялық принциптердің арақатынасы.